

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 наурыздағы N 252 Қаулысы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 наурыздағы № 936 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Мәдениет комитеті;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Діни істер комитеті Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Діни істер комитеті болып қайта аталсын.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қарамағындағы ұйымдар Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Діни істер комитетінің қарамағына берілсін.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қ а б ы л д а с ы н .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

3 1

н а у р ы з д а ғ ы

№ 2 5 2

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Діни істер комитетінің қарамағына берілетін ұйымдардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Діни істер комитетінің «Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы» мемлекеттік мекемесі.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Діни істер комитетінің «Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы» мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2010

жылғы

31

наурыздағы

№ 252 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

3. «Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында: көрсетілген қаулыға қосымшада:

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті» деген бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Мәдениет комитеті».

4. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат): көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ережеде:

1-тармақтың екінші абзацында «, Діни істер комитеті» деген сөздер алынып тасталсын;

14-тармақта сексен бесінші, сексен алтыншы, сексен жетінші, сексен сегізінші, сексен тоғызыншы, тоқсан екінші, тоқсан үшінші, тоқсан төртінші, тоқсан бесінші, тоқсан алтыншы, тоқсан жетінші, тоқсан сегізінші және бір жүзінші абзацтар алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде: реттік нөмірлері 7 және 37-жолдар алынып тасталсын.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен.

6. «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 ақпандағы № 103 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 6, 53-құжат): тақырыбындағы және 1-тармағындағы «және ақпарат» деген сөздер алынып

т а с т а л с ы н ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде: тақырыбындағы «және ақпарат» деген сөздер алынып тасталсын.

7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.02.07 № 209 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .

8. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.02.2013 № 195 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

10. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.12.2012 № 1641 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1193 қаулысымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

12. «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 маусымдағы № 610 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 31, 316-құжат):

тақырыбындағы «және ақпарат» деген сөздер алынып тасталсын;

1-тармақтағы «және ақпарат» деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің қарамағына берілетін ұйымдардың тізбесінде:

тақырыбындағы «және ақпарат» деген сөздер алынып тасталсын;

«Театрлар» бөлімінің реттік нөмірі 7-жолында «Республикалық» деген сөз «Құдыс Қожамияров атындағы Республикалық» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Тарихи-мәдени қорықтар» деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 30-2-жолмен толықтырылсын:

«30-2. «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны».

13. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.19 № 340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.